

## Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 ақпанда № 10240 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 94-20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында және бұқаралық ақпарат құралдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 12 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрдің міндетің атқарушы

\_\_\_\_\_ Ұ. Қарабалин

2015 жылғы 08 қаңтар

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2014 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 354 бұйрығымен бекітілген

## **Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 94-20) тармақшасына сәйкес әзірленген және магистральдық құбырларды (бұдан әрі – МК) пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақаулық - жабдықтың, объектінің, құрылыстардың жұмысқа қабілетті күйінің қысқа мерзімде бұзылуы нәтижесінде технологиялық режимнің өзгерісіне ұшырамаған оқиға;

2) газ үлестіру станциясы (бұдан әрі - ГҮС) - магистральдық газ құбырларының құрамды бөлігі, оған: ғимараттар, жабдықтары, құралдары мен қысымды, тазалауды, иістендіруді және тұтынушыға ұсынар алдында газ мөлшерінің есебін реттеуге арналған жүйелері бар құрылыстар кіреді;

3) жою - магистральдық құбырларды бөлшектеу және (немесе) қайта бейіндеу және одан әрі пайдалану үшін қоршаған ортаны адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз жай-күйге келтіру бойынша іс-шаралар кешені;

4) жөндеу - магистральдық құбырлардың және (немесе) оның объектілерінің желілік бөлігінде толық немесе жартылай пайдалану ресурсының қалпына келтіру жарамдылығы немесе жұмысқа қабілеттілігі бойынша іс-шаралардың (операциялардың) кешені;

5) иістендіру жітілігі – тұтынушыға берілетін газдың шығуын анықтау және жою мақсатында газды иістендіру;

6) компрессорлық станция (бұдан әрі - КС) - магистральдық газ жолының құрамды бөлігі, оған: ғимараттар, құрылыстар, техникалық құрылғылар, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі бойынша газ тәрізді көмірсутектерді тасымалдауды қамтамасыз ететін қысымды жасау және ұстап тұруға арналған жүйе мен құралдар;

7) құбыр ішін диагностикалау - бұзылмайтын бақылаудың әр түрлі түрлері іске асырылған құбыр ішінің инспекциялық құралдарын (снарядтарын) қолдана отырып құбырлар ақаулары туралы ақпарат алуды қамтамасыз ететін жұмыстар кешені;

8) құбырлардың ақаулары – құбырларды салу немесе пайдалану, кезінде туындаған қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттар талаптарының шеңберінен шығатын құбыр металы сапасының көрсеткіштері (дәнекерленген тігістің) немесе қабырғасының қалыңдығы, құбырлардың геометриялық немесе құрылымдық параметрлерінің ауытқуы;

9) құбырлардың бұрылуы (тарамдану) - тасымалданатын өнімді магистральдық құбырлардан газ үлестіру станцияларының, елді мекендердің, жекелеген тұтынушылардың қабылдау-тапсыру пункттеріне дейін беруге арналған құбырлар;

10) магистральдық құбыр объектілері – магистральдық құбыр объектілерінің құрамы мен техникалық параметрлеріне бірыңғай технологиялық процеспен байланысты жер учаскелерін алып жатқан құрылғылар, жабдықтар, құрылыстар, үйлер және ғимараттар жобалау құжаттамасымен айқындалады;

11) магистральдық құбыр – өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;

12) аварияға әкеп соқпаған қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бұзылуы, технологиялық процесті жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;

13) магистральдық құбырларды пайдалану - магистральдық құбырлардың үздіксіз, тиісінше және тиімді жұмыс істеуі үшін қажет, оның ішінде техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, техникалық диагностикалауды және жедел-диспетчерлік басқаруды қамтитын қызмет;

14) магистральдық құбырлардың желілік бөлігі (бұдан әрі – МҚ ЖБ) – өнімді тікелей тасымалдауды жүзеге асыратын жер асты, су асты, жер беті, жер үсті құбырлардың;

15) магистральдық құбырлардың күзет аймағы - магистральдық құбыр объектілеріне іргелес жатқан және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен құбыр объектілерін қауіпсіз және үздіксіз пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасауға арналған, оның шегінде оны белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне шектеу қойылатын немесе тыйым салынатын айрықша күзет және пайдалану жағдайларындағы (құрлықтағы және (немесе) судағы) аумақ;

16) магистральдық құбырлардың қауіпті өндірістік объектісі - магистральдық құбырлардың желілік бөлігі трассасының бойында орналасқан магистральдық құбырлардың желілік бөлігінің учаскесі, бас және аралық сорғылар мен компрессорлық станциялар, ғимараттар мен құрылыстар, газ үйлестіру станциясы, құйылмалы сорғы станциясы, қысымды азайту станциялары, мұнайды жылыту станциялары, резервуарлық парк, құбырларды тоттанудан электр-химиялық қорғау қондырғылары, технологиялық байланыстың желілері мен құрылыстары, құбырлардың телемеханика құралдары, тоқ беру желілері және тірек арматура мен электр қорғауышты қашықтықтан басқаруға арналған тоқ тарату құрылғылары, жолдар, тікұшақ алаңдары және оларға кіреберіс;

17) авария – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

18) минималды аралық - ғимараттардан, құрылыстардан, техникалық құрылғылардан магистральдық құбырларға дейінгі аралық, бұл ретте тәуекел деңгейі қолайлы болып табылады;

19) өнімді тасымалдау - өнімді жөнелтушіден қабылдау пунктiнен бастап алушыға тапсыру пунктiне дейiн оны магистральдық құбыр бойынша қабылдау, тапсыру, айдау, өнімді магистральдық құбырларға қотару, құю, беру, басқа көлік түріне ауыстырып тиеу, сақтау, араластыру процесі;

20) реконструкциялау - магистральдық құбырлардың сапалық көрсеткіштерін жақсартуды көздейтін, оны қайта орналастыру жөніндегі іс-шаралар кешені;

21) рұқсат беру наряды – жұмыс істеп тұрған кәсіпорыннан өндірістік қауіп болатын немесе бар кезінде, әрекеттегі кәсіпорынның аумағында құрылыс-монтаждық жұмыстарда ресімделетін жұмыстарды жүргізуге тапсырма;

22) сенімділік - магистральдық құбырлардың объектілерінің қасиеті белгіленген шектегі пайдалану көрсеткіштерінің белгіленген технологиялық регламент мәнінің уақыты бойынша сақтай отырып берілген функцияларды орындау;

23) сорғы арқылы ауыстырып құю станциясы (бұдан әрі - САС) - тасымалданатын сұйық көмірсутектерді магистральдық құбырлардың желілік бөлігіне қабылдау, сақтау және беруге арналған құрылыстар мен техникалық құрылғылар, ғимараттар кешені бар магистральдық құбырлардың құрамды бөлігі;

24) техникалық дәліз - магистральдық құбыр немесе қатар салынған магистральдық құбырлар мен коммуникациялар жүйесі өтетін аумақ;

25) техникалық диагностикалау – магистральдық құбырларының техникалық жағдайын анықтау үшін жұмыстардың және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың кешені;

26) техникалық қызмет көрсету - магистральдық мұнай құбыры объектілерінің жұмыстық қабілетін және жарамдылығын қолдау бойынша, техникалық жағдайын бақылау, тазалау, майлау, реттеу және басқа да операциялар;

27) технологиялық регламент - технологиялық процесті жүргізу тәртібін немесе оның жекелеген кезеңдерін (операцияларын), режимін және өнімнің өндіріс технологиясын, жұмыстың қауіпсіз шарттарын анықтайтын, техникалық басшымен бекітілетін құжат;

28) топырақ үйіп қорғану - қауіпті сұйық заттардың төгілуінен қорғау үшін құбырлардың желілік бөлігінің жекелеген учаскелері, резервуарлық парк айналасындағы қоршау қабырғалары немесе жер білігі түріндегі құрылыс.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.07.2021 № 357 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

3. МҚ қауіпті өндірістік объектілерді (бұдан әрі - ҚӨО) пайдалануға енгізу кезінде МҚ объектілерін пайдалануға, сондай-ақ авария салдарын оқшаулауға және жоюға әзірлігі тексеріледі.

Барлық ҚӨО үшін пайдаланушы ұйым пайдалануды бастағанға дейін аварияны жою жоспары (бұдан әрі - АЖЖ) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 349 бұйрығымен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу-жаттығу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23684 тіркелген) сәйкес әзірлейді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. МҚ объектілерінде әзірленеді және мынадай жұмыс орындарында болады:

- 1) пайдаланушылық және техникалық құжаттама;
- 2) МҚ объектілерінің құрылыс жобасы;
- 3) технологиялық регламент;

4) АЖЖ, қауіпті факторларды ескеретін және персоналдың әрекетін реттейтін, авариялық жағдайларды жою үшін пайдаланатын құралдар мен әдістер, болжамды зардаптардың салдарын барынша азайту үшін апаттарды алдын-алу (оперативті бөлімнің үзінділері).

5. Әрбір ҚӨО үшін паспорт жасалады, онда объектінің және құбырлардың технологиялық схемасымен белгіленген жабдықтардың негізгі сипаттамасы көрсетіледі. Паспортта ҚӨО аумағында қолданыстағы жаңа әлеуетті қауіпті объектілер мен құрылыстарды реконструкциялау және жаңғырту, құрылыс жұмыстары көрініс табады.

Қауіпті өндірістік объектінің паспорты ҚӨО немесе аумақтық өндірістік бөлімшенің техникалық басшысымен бекітіледі.

**6. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Техникалық қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. МҚ ЖБ МҚ кері әсерін тигізуі мүмкін аумақтың табиғи-климаттық ерекшелігін талдау, жақын тұрғын орындардың орналасуы, топырақтың гидрогеологиялық қасиеті, жақын орналасқан өндірістік объектілердің болуы, көлік жолдары мен коммуникациялары негізінде жобаланады және жүргізіледі.

8. Әлеуетті қауіпті (сынамалы) учаскелер:

- 1) тұрғылықты мекендерге жақын МҚ трассаларының учаскелері;
- 2) электр тасымалдау қиылысы; инженерлік құрылыстар, автомобиль және теміржолдары арқылы өткелдер;
- 3) жоба жолы бойымен жалғасқан құрылыстар;
- 4) су өткелдері;
- 5) ерекше табиғи жағдайларында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жерлері бойынша өтетін учаскелер МҚ ЖБ жобалау кезеңінде анықталады.

9. Құбырлардың әлеуетті қауіпті учаскелерін жобалау кезінде қауіпті факторлардың әсерін төмендететін мынадай қауіпсіздік шаралары қарастырылады:

- 1) құбыр қабырғаларының қалыңдығының ұлғаюы;
- 2) құбыр орны тереңдігінің ұлғаюы;
- 3) қорғаныс жабындысына қойылатын талаптар;
- 4) қорғаныс футлярын пайдалану;
- 5) тоннельде төсеу;
- 6) қосымша топырақ үйіп қорғану мен қорғаныс қабырғаларының орналастырулары ;
- 7) топырақты бекіту (жағаларды);
- 8) бағыттаушы жүйелер құрылғысы (арналар, жыралар, арықтар, үйінділер және кәзір жүйелері);
- 9) құбырларды беріктігіне сынауда қойылатын талаптарды жоғарылату;
- 10) құбырлардың күш-деформациялық көрсеткіштерінің техникалық жағдайына үздіксіз мониторинг және бақылау жүргізу.

10. МҚЖБ орнатылатын тиектеулі арматура МҚ қашықтықтан және жергілікті басқару мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

МҚ жер асты төсеу кезінде арматура және желілік бекіту арматурасын бекіту жер бетіне шығарумен жобалануы тиіс.

Ашық далада жабылусыз орнатылатын жабдықтар және арматура, алаңдық құрылыстардың климаттық орналасу ауданына сәйкес болуы тиіс.

11. Жобамен АҚС/КС әрбір газ айдау агрегатының қашықтықтан басқарылатын қозғалтқышпен тиектеулі арматура арқылы ажырауы көзделуі тиіс.

12. СҚС арасындағы қашықтық гидравликалық есептің нәтижесі арқылы анықталады.

СҚС жабдықтарын орнату және жобалау шешімдері биіктігі кемінде 1,2 метр сыртқы аумақтың қоршауын қарастыруы тиіс.

13. Жобалық құжаттама негізінде МҚ объектілерін консервациялауға және жоюға пайдаланушы ұйым жұмыстарды ұйымдастыру жоспарын дайындайды.

Жұмыстарды ұйымдастыру жоспарына осы Қағидаларға сәйкес МҚ объектілерін пайдалану, қорғау және жоюдан шығару бойынша ұйымдастыру және техникалық іс-шаралардың тізбесі, олардың орындалу тәртібі мен әдістері, жұмыс құрамы және көлемі кіреді.

Жұмыстарды ұйымдастыру жоспарында барлық жүргізілетін жұмыстарды құжаттамалық рәсімдеу мәселелері, бақылау және есептік тәртібі, жұмыстардың орындалу мерзімі қарастырылады.

14. Жобалық құжаттама талаптарынан ауытқулар, жобалық құжаттамамен қарастырылмаған материалдарды пайдалану, жұмыстарды орындау тәртібі мен

сапасының бұзылу факторлары анықталған кезде құрылыс-монтаждық жұмыстар тоқтатылады, ал пайда болған ақаулар жойылады.

Іске қосу-реттеу жұмыстары мен кешенді байқап көру бойынша жұмыстар басталғанға дейін пайдаланушы ұйым қызмет көрсететін персоналмен және сәйкес біліктілігі бар мамандармен МҚ енгізілетін объектілерін жинақтастырады, жобалау ұйымы МҚ құрылысына арналған жобалық құжаттың құрамына кірмейтін МҚ пайдалану бойынша технологиялық регламентті әзірлейді.

15. Технологиялық регламент МҚ объектілері жұмысының жағдайларына және нақты сипатына, жобалық техникалық шешімдеріне сәйкес келуі тиіс.

МҚ объектілерін пайдалануға технологиялық регламент:

- 1) МҚ, аумақтық объектілер жабдықтарының және айдап қотарылатын көмірсутектердің сипатын;
- 2) МҚ жұмысының технологиялық режимдерін;
- 3) қауіпті өндірістік факторлармен МҚ тұтастылығын бақылау тәртібін;
- 4) ауытқуларды анықтау тәртібін;
- 5) айдап қотару режимін бақылау тәртібін;
- 6) айдап қотарылатын көмірсутектерді қабылдау, жеткізу және есепке алу тәртібін;
- 7) МҚ ЖБ және аумақтық объектілердің сызбаларын (қағидаттық және технологиялық);
- 8) МҚ ЖБ қысылған бойлық пішінін;
- 9) МҚ ҚӨО қолданылатын техникалық құрылғылардың сипаттамасын;
- 10) Технологиялық процесті, техникалық қызмет көрсетуді, авариялық жағдайларда персоналдың әрекетін қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету бойынша нормативтік-техникалық құжаттамалар тізбесін қамтиды.

Технологиялық регламент объектіні пайдалануға енгізгенге дейін әзірленеді және өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарының, технологиялық процесті жүргізу параметрлері өзгеруі жағдайында қайта қаралады.

16. МҚ объектілерінің орналасу аумағы жүк көтергіш және арнайы техниканы, жабдықтар мен құрылыс материалдарын қаттап қойып орналастыру орындарын пайдалана отырып құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

17. МҚ өндірістік объектілерін газ тәрізді көмірсутектерді, газ конденсатын және сұйытылған көмірсутекті газдарды тасымалдау үшін оларды өндірістік және өндірістік емес сала объектілерінің, тұрғылықты құрылыстың салынуының, көпшілік жиналған орындардың көбіне ық жағына орналастыру қажет ("желдің жылдық бағыты" бойынша бағыты басым желдерді ескере отырып).

Аталған объектілерді табиғи нашар желдендірілетін жер рельефінің төмендетілген учаскелеріне, жылдамдығы 1 метр/секунд дейін желі басым, ұзақ және жиі



қайталанатын тымықтары, өзгерулері, тұмандары бар (бір жылда 30-40 процент астам, қыс аралығында қыстық кезеңнің 50-60 процент астамы) аудандарға орналастыруға жол берілмейді.

18. Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау үшін алаңдық объектілер мен МҚ ЖБ трассасын жердің рельефі бойынша тұрғылықты мекендерден төмен орналастыруы тиіс.

Мұнай мен мұнай өнімдері құбырлардың сенімділігін және тұтастығын қамтамасыз ететін құрылымдық шешімдерді дайындау кезінде төгілген өнімді жинау бойынша құрылыстардың құбырлары бойына құрылысына жол берілмейді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. АҚС/КС құбырлары, жүйелері, жабдықтары орналасатын аумағы, олардың техникалық жағдайын бақылау мүмкіншілігін қамтамасыз етуі тиіс.

АҚС/КС құрылымдарын, құбырларын және жабдықтарының орналасуы сорғы және газ айдау агрегаттарының жұмысы барысында вибрациялық және динамикалық жүктемелерден құбыр қабырғалары температурасының және кернеудің өзгеруінен бойлай қозғалуларды қамтамасыз етуді ескере отырып орындалуы тиіс.

20. Қысымды реттеудің қолданылатын әдісі ол үшін белгіленген шектерде сақталатын қысым жағдайында АҚС/КС жұмысын қамтамасыз етеді. Реттеу жүйесі шығу барысындағы қысымның үздіксіз бақылауын жүзеге асыруға тиіс және МҚ ЖБ шығыс қысымның шекті мәнінен артуына жол бермейді.

Жабдықтар, құбырлар, арматура, КС-тің сору және аударма желілеріндегі ернемек жалғастырулар және қалыпты бөлшектер айдаудың барынша жоғары есептеу қысымы бойынша төзімділікке есептелуі тиіс.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Гидраттың түзілуіне қарсы шаралар ретінде газ құбырларына реагентті енгізу, газды жылыту құралдары арқылы газды жалпы немесе ішінара жылыту көзделуі тиіс.

22. АҚС/КС жабдықтарының авариялық түрде герметизациясын жою барысында ажырату құрылғыларының қосылу уақыты орнатылған қысым көздерінің ажырау уақытынан кем болмауы тиіс.

Үрлемелі, түсіру желілері және қорғауыш қақпақшалардан газды түсіру желілері жүйелерін өзара қосуға рұқсат берілмейді.

23. Шашырау білтесінен газды түсіру жүйелері жергілікті климаттық талаптарды, желдің бағытын ескере отырып, газдың шашырауының қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді.

24. ГҮС технологиялық жабдығы газ айдау жұмысының қысымы үшін есептелген.

Газ қысымының реттеуішін әрбір редуцирлеу желісіне орнатқан кезде, реттеуіштен кейін жұмыс шығу қысымына ГҮС жабдығын таңдау жасалады.

25. МҚ қорғалатын аймағындағы ауыл шаруашылық жұмыстардан басқа, кез келген жұмыстар жұмыс өндірушісіне тәуелсіз қорғау аймағында жұмыстарды жүргізуге рұқсатты ресімдеумен және пайдаланушы ұйым бақылауымен орындалады. Магистральдық құбырларды қорғау аймағында 35 сантиметрден астам егінді тереңдігі бар ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге рұқсат берілмейді.

26. МҚ объектілеріне техникалық қызмет көрсету кезінде объектілердің жұмысқа қабілетін және жарамдылығын ұстау, қорғау аймағы мен желілік бөлігінің іргелес аумақтың және магистральдық құбырлар объектілерінің техникалық жағдайын тексеру қамтамасыз етіледі.

Табиғи газ бен мұнайдың кемуі, құбырларынан түрлі тағайындалудағы ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі минималды қашықтық аймағының бұзылуы, жер бетіндегі электр-химиялық қорғаныс, телемеханика, байланыс, ток тарату құралдарының бұзылуына жол берілмейді.

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізгеннен кейін көмілмеген құбырлардың ашық учаскелері, құбырлардың көмілу тереңдігінің жоғарғы пайда болуына дейін минимум - 0,8 метрдің азаюына әкелген трасса бетінде шайылулар көміліп, қауіпсіз жағдайға келуі қажет.

27. МҚ ЖБ-нің жер жұмыстары, пайдаланушы ұйымның жазбаша рұқсатымен жүргізіледі.

Кеме жүзетін өзендермен, автомобиль және теміржол жолдарымен, басқа құбырлармен және жер асты коммуникацияларымен қиылысатын учаскелерде орнатылған ақпараттық тыйым салу немесе ескерту белгілері уақтылы жөнделуі немесе жаңартылуы тиіс.

Құбырларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуге кедергі келтіретін ағаш өсімдіктерді егуге жол берілмейді.

28. Құбырлардың жердегі қоршаулары (тиектеулі желілік арматура алаңшалары, құбырішілік құралдарды іске қосу - қабылдау тораптары), қорғаныс, су өткізгіш, эрозияға қарсы құрылыстары уақтылы жөнделіп қайта қалпына келуі тиіс.

Желілік тиектеулі арматура тораптарына, тазалау құрылғыларын іске қосу-қабылдау торабына техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін алаңға кедергісіз кіру мүмкіндігі болуы тиіс.

Құбырішілік құралдарды іске қосу - қабылдау камераларының тиектеулі ірге тастарының, алаңшалардың, қоршаулардың, жапқыш құрылғылардың, сальниктер мен нығыздауыштың жағдайын тексеру, ұйымның техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес жүргізілуі тиіс.

Құбырішілік құралдарды іске қосу - қабылдау алаңдарында найзағайдан қорғанысы, сондай-ақ электр химиялық қорғаныс жүйелерінің орнатылуы тиіс.

29. Үрлеп тазарту шамдарының конструкциясы олардың атмосфералық жауын-шашындардан қорғанысын қамтамасыз етуі тиіс, тиектеулі арматура алаңшаларының және тасқынды сулармен іске қосу-қабылдау камераларының сумен басылуына жол берілмейді.

МҚЖБ су кедергілерімен қиылысу учаскелеріне МҚ пайдаланушы қауіпті сұйықтықтардың ағуын оқшаулау үшін құралдармен жабдықталуы тиіс.

Автомобиль және теміржолдармен қиылысу учаскелерінде соратын шамдардың, іргетасының, қорғаныс құтысының, тотығудан электр-химиялық қорғаудың бақылау-өлшеу аспаптарының, "құбыр - қорғаныс құтысы" әлеуеті айырмашылығының, су бұрғыш арықтардың жағдайын тексеру, ұйымның техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

30. Автомобиль жолдарымен қиылысатын МҚ қорғау аймағының учаскелерінде "тоқтауға тыйым салынған" жол белгілері орнатылуы тиіс.

31. Көлденең және тік жазықтықтардағы құбырлардың жобадан тыс бүгілулеріне, жағалық және аралық тіреулердің төмен түсуіне және олардың өзгеруіне жол берілмейді.

Жабдықтарға қызмет көрсету алаңшалары мен іргетастар, "жер-ауа" учаскелеріндегі құбырлар, компрессорлық және сорғы станцияларының автоматты өрт сөндіру жүйесі мен отқа қарсы қоршаулары жарамды жұмысқа қабілетті жағдайда болуы тиіс.

32. Компрессорлық және сорғы станцияларының жабдықтарында ақпараттық жазулар мен нөмірлері көрсетіледі. МҚ объектілерінде орнатылған сақтандырғыш клапандары пломбаланып, жөнге келтіру туралы ақпараты бар биркалары болуы тиіс.

МҚ объектілеріндегі жарылысқа қауіпті үй-жайлардың авариялық желдеткіші ауа кірмейтіндей болуы және жүйелі түрде (апта сайын) сынау іске қосу арқылы жүргізілуі тиіс.

33. Газды тазалау торабы ыдыстарында тіркеу нөмірі, рұқсат етілген қысым, келесі сыртқы және ішкі қарау және гидравликалық сынау күні көрсетілген жазулардың болуы тиіс.

Газды тазалау торабының ыдыстары жерге тұйықталуы тиіс, бірізді қосу схемасы рұқсат етілмейді.

34. МҚ объектілерінде орнатылған техникалық құрылғылардың вахталық журналында өнімдерінің жанып кету, агрегат мойынтіректерінің, кіре берісте және осьтік компрессорға дейінгі, айдауға дейінгі және кейінгі, ауа температуралары, күш жұмсалатын мотосағаттардың температурасы, іске қосулар саны, агрегат мойынтіректерінің дірілі, айдаумен басқарылатын "май-газ" жүйесінің айырмасы, агрегат валының айналу жылдамдығы, отынды және жіберілетін газдың қысымы, майлауды реттеу және нығыздау жүйесінің май қысымы, осьтік компрессордан кейінгі ауа қысымы, өнімнің жану қысымы.

35. Технологиялық құбырларды беріктік пен герметикалыққа сынаулары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 359 бұйрығымен бекітілген Технологиялық құбыржолдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулыққа (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23754) сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Сорғының майы техникалық жағдайлар мен шығарушы зауыттың ұсынымдарымен уақытында ауыстыру (1,5 процент жоғары қоспалардың механикалық көрсеткіштері кезінде; 1,5 килограмм "КОН" 1 килограмм жоғары қышқылдықпен 0,25 процент жоғары ауыстыру) қажет. Май сынамаларын сұрыптап алу іріктеу кестелерінің сақталуымен жүргізіледі.

Сорғыларға және компрессорларға дайындаушы зауыт іске қосу кезеңділігі мен негізгі және қосымша жабдықтардың тоқтатылуы көрсетілген паспорттарды және пайдалану нұсқаулығын толтыру қажет.

Технологиялық режимді бақылау үшін сорғының және компрессордың сору мен айдау құбырларында манометрлер орнатылады.

37. ГТЖ шыға берістегі ажырату кранына дейінгі барлық технологиялық құбырлар мен жабдықтар (конденсатты жинау сыйымдылығын қоса алғанда) бұру газ құбырының ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымына сәйкес болуы тиіс.

ГҮС технологиялық сызбасы өз қажеттілігіне және оператор үйі үшін газды тұтыну жабдықтары мен құбырларды қосуы қажет.

38. Өндірісі жоғары, жеке жоба бойынша салынған ГТЖ жоғарғы жағына, төменгі жағына, иістендіру түйініне, газды қыздыру мен метанолды енгізуге жеке технологиялық схемаларды ресімдеуге жол беріледі. Әрбір ГРС – ГТЖ жұмысы тәртібінің бақыланатын параметрлері, иістендіргіш зат шығыны, орнатылған орындардағы үй-жайдың газдануын үздіксіз тексеру бойынша жазбаларды жүзеге асыратын автоматтандырудың қағидаттық сызбасы ресімделеді.

39. ГТЖ-да пневматикалық жетегі бар тиектеулі арматураны немесе бақылау реттеуішін қолдана отырып редуцияланған жіптерді автоматты қорғау көзделеді. Шыға берістегі қысымның төмендеуі кезінде резервтегі жіптің қосылуы тиіс.

**40. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**41. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**42. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш**







ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Қайта айдайтын сорғыштар үшін кіріс және қысымды желілерде қашықтықтан, автоматты немесе жергілікті басқарылатын, бітегіш немесе кесу құрылғыларын қашықтықтан ажырату және орнату қарастырылады.

87. Сорғыштарды тығыздау осы технологиялық ортаға арналған өндірістік процес кезінде тұмшалануды қамтамасыз етеді. Сорғыштарды пайдалану кезінде қондырғының тұмшалануы тұрақты бақыланады.

Сорғыштың қауіпсіз жұмыс режимін бұзатын ақаулар анықталған жағдайда дайындаушының техникалық құжаттамасына сәйкес оны тоқтату және жөндеу жүргізіледі.

Сорғыштарды оның жұмыс істеу кезінде жөндеуге жол берілмейді.

88. Барлық сорғыштар жоғары деңгей сигналын операторлық үй-жайға (диспетчерлік пункт) шығаратын пайдаға асырудың жабық жүйесіне дренажалатын өнімді шығару үшін түптермен және дренажды құрылғылармен қамтамасыз етіледі.

Сорғыштарды тазарту және үрлеу кезінде сұйықтар құбырлары бойынша үй-жайдан тыс жерге бітелген ыдысқа, ал көмірсутек булар мен газдар газ жинағыш жүйеге шығарылады. Құбырлардың орналасуы қауіпсіз қызмет көрсетуді ескере отырып жүргізіледі.

89. Құбырларда өнімдердің мақсаты мен қозғалу бағыты, сорғыштарда белгілер мен нөмірлер технологиялық схемаға сәйкес, сорғыштар мен электр қозғалтқыштарында айналу бағыты қысылу режимінде көрсетіледі.

90. Сорғыштарға арналған арматуралар сорғыш паспортына және құбырлар сипаттамасына сәйкес шартты қысым бойынша таңдап алынады. Ортадан тепкіш



сорғыштың айдама құбырында кері қалқанша, піспек сорғыштың айдама құбырында сақтық клапаны және пульсацияның сақтығы бар манометр орнатылады.

91. Сорғының қозғалмалы бөлшектері және айналмалы қосындылар шеңбер мен айналу ұзындығы бойынша жабындымен жабылады. Айналу бөліктерінде қоршау болмаған жағдайда сорғыштарды іске қосу және пайдалануға жол берілмейді.

92. Соратын сорғыштар корпустары сорғыштармен бір негізде болатын электр қозғалтқыштарына тәуелсіз жерге тұйықталады.

93. Сорғыштарды пайдалану кезінде оның техникалық жағдайын сипаттайтын параметрлерді бақылау қамтамасыз етіледі. Дұрыс жұмыс істемейтін және БӨҚЖА уақытында тексеруден өткізілмеген сорғыштарды пайдалануға жол берілмейді.

Қозғалатын бөліктерді майлау, сальниктердегі, бүйір тығыздағыштарындағы және құбырлар қосылыстарындағы жіберулерді сорғыш жұмыс істеп тұрғанда жоюға жол берілмейді.

Жұмыс істеп тұрған сорғыштардың қозғалатын бөліктерін майлауға жұмыстың тиісті қауіпсіз жағдайы болғанда жол беріледі. Сорғыштар мойынтіректері жиі майланады. Мойынтіректердің қалыптан жоғары қатты қызуына жол берілмейді. Мойынтіректер температурасы бақыланады.

Сорғыштар мен арматураларды майлау үшін қатпайтын майлар қолданылады.

94. Мойынтіректер мен герметизаторлардың корпустарын суыту үшін қатпайтын сұйықтар (антифриз) қолданылады. Суыту сұйықтары ретінде 30 градус Цельсийге дейінгі температурадағы суды пайдалану кезінде ағынды бақылау үшін ашық түтікшелер немесе кәріздермен жалғанған қарау құрылғылары қолданылады.

95. Резервті сорғыш іске қосуға тұрақты дайындықта болады. Жұмыс істеп тұрған сорғыштан резервті сорғышқа көшу алдында тиісті ысырмалардың дұрыстығы мен сорғышты іске қосу дайындығы тексеріледі.

96. Сорғыштарды сорғыш және қысымды коллекторлардан ажырату үшін ысырмалар қолданылады.

Сорғыштарды тоқтату кезінде сұйық беретін құбырлар сорғыш герметизаторларын суыту үшін жабылады.

97. Сорғыш үй-жайлардағы едендер мен лотоктар жуу құралдары қолданыла отырып сумен жуылады.

Жанатын және зиянды заттар болатын ағынды сулар өндірістік кәріздерге ағызу алдында тазартылады.

98. Персонал өтетін орындарды жабуға және қондырғыларды орналастыруға жол берілмейді.

99. Қататын мұнай өнімдерін қайта айдау кезінде мынадай шарттар орындалады:

- 1) айдаудың технологиялық процестері жұмысының үздіксіздігі;
- 2) сорғыштар мен құбырлардың жылу оқшаулаулары мен жылытулары;
- 3) сорғыштар және құбырлардың үрлеу және дренажды жүйесінің болуы.

100. Ашық алаңдарда орнатылған сорғыштарды жоспарлы – алдын алатын жөндеу жылдың жылы мезгілінде немесе жылытылатын уақытша жабулар құрылғыларымен жүргізіледі.

101. Сорғы үй-жайында және ашық алаңда жарылысқа дейінгі концентрацияларды стационарлық бақылау датчиктері және оператор панеліне және автоматтандыру жүйесіне көрсеткіштерді шығаруы бар өрт хабарламалары орнатылады.

102. Сорғы үй-жайы кем дегенде екі шығу жолдарымен қарастырылады, есіктер мен терезелер сыртқы жағына ашылады. Есік орнында табалдырық орнатуға жол берілмейді.

Сорғы үй-жайы үшқын қауіпсіздігі бойынша жасалған мәжбүрлі желдеткішпен жабдықталады.

Сорғы үй-жайында тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтарды сақтауға жол берілмейді.

103. Сорғыны қосып тоқтатқанда тиісті жапқыштардың дұрыс ашылуы және жабылуы тексеріледі. Баспа таспасында жабық жапқыш кезінде піспектік сорғыларды қосуға жол берілмейді.

104. Бөлшектеп бұзуға жататын сорғыны электр қозғалтқыштан ажыратады, жапқыштар жабылып, бітеулер орнатылып құбырлардан ажыратылады.

Сорғы үй-жайларынан (ғимараттардан) тыс сору және айдау құбырларында тиектеулі арматура орнатылады.

Сорғы үй-жайы стационарлық жүк көтеру құрылғыларымен жабдықталады.

105. Пайдаланудан уақытша шығарылған МҚ объектілері құралдарының дұрыстығын және жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін объектіні қорғау бойынша іс-шаралар кешенін жүргізеді және оларға техникалық қызмет көрсету ұйымдастырылады.

МҚ объектісі пайдаланудан шығарылатын кезеңде ұзақтығы, резервте болу жағдайлары (жұмысқа қабілеттілігін ұстап тұру мақсатында жұмысқа кезеңдік қосу немесе қорғау) пайдаланушы ұйыммен орнатылады.

Консервациялаудың мақсаттылығы мен қалдық ресурсты анықтау мақсатында алдын ала куәландырудан, диагностикалаудан өткен МҚ объектілерінің түзу жабдықтары консервацияға жатады.

МҚ объектісін түзу күнінде тоқтатып ұстап тұру мақсатында консервациялаудың барлық мерзімі аралығында оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстар орындалады.

106. Жұмыстарды ұйымдастыру жоспарында МҚ объектілерін консервациядан шығару мен пайдалануға жіберу бойынша, пайдаланушы ұйым жұмыстардың тізімін, оларды орындау мерзімі мен тәртібін көрсетеді.

Консервациялаудан шығару кезінде нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына және дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес МҚ объектілері жабдықтарын қарау, зерттеу сынау, байқап көру және тексеру жүргізіледі.

МҚ объектілерін сыналатын пайдаланудан кейін 72 сағат аралығында оны консервациялаудан шығару кезінде ұйымның техникалық басшысымен бекітілетін орындалған жұмыстар тізбесінің қосымшасымен объекті әрекетін енгізу туралы акт құрастырылады.

107. Жоюға жатқызылған МҚ объектілердің пайдаланудан шығару бойынша жұмыстарды жүзеге асыруды бастар алдында аталған объектілердің жабдықтарын көмірсутектерден босату бойынша жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс.

Жабдықтарды босату кезінде көмірсутектерді қоршаған ортаға жіберуге жол берілмейді.

108. МҚ объектілерін жою аяқтағаннан кейін босатылған аумақтардың топырақ құнарлылығын қалпына келтіреді.

109. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

110. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3-тарау. Магистральдық құбыр объектілерін және желілік бөлігін жөндеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Басқа инженерлік коммуникациялармен бір техникалық дәлізде өтетін немесе олармен қиылысатын МҚ ЖБ жөндеуді жүргізу тәртібі мен уақыты бұл коммуникацияларды пайдаланушы ұйыммен келісіледі.

113. МҚ қорғау аймағында объектілер құрылысына, құбыр өткізгіштің тағайындалуы басқа коммуникациялармен қиылысуына қатысты барлық өзгерістер, МҚ ЖБ құрылысының құрылымдық өзгерулері объектіні пайдалануға жіберумен бір уақытта пайдалану құжаттамасына және ҚӨО паспортына енгізіледі.

114. МҚ объектілерін салу, қайта жетілдіру, күрделі жөндеу және техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстарды орындаудың барлық кезеңдерінде тапсырыс беруші мердігермен бірлесе отырып, құрылымның, өнімдердің, материалдардың, жабдықтар мен техникалық құрылғылардың кіру бақылауын, жұмыстардың және

барлық технологиялық операциялардың орындалу сапасын бақылауды ұйымдастырады . Кіру бақылауының нәтижелері тексеру актісі ресімделген кіру бақылауы журналына енгізіледі.

Құбырларға, жабдықтарға, техникалық қондырғыларға дайындаушы зауытта жүргізілген барлық қабылдау сынақтары тапсырыс берушінің өкілінің қатысуымен, алдын ала жасақталып келісілген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Дәнекерленген қосылыстардың сапасын бақылау нәтижелері бойынша дәнекерленген қосылыстардың орнатылған талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды ресімделеді.

**Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 23.12.2015 № 1221 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

115. МҚ объектілерін қайта жетілдіру, техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу қажеттілігі, мерзімі мен әдістері оларды үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету жағдайларынан және тасымалданатын өнімді жеткізу көлемінен шыға отырып иесімен анықталады.

116. МҚ объектілерін күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу мерзімі, тәсілдері мен көлемі туралы шешімді олардың қызмет мерзімі ескерілген кешенді диагностикалық тексеру нәтижелерін талдау негізінде иесімен анықталады.

Диагностикалық тексеру жұмыстарын атқару және қорытынды беру осындай жұмыстарды атқаруға құжаттары бар аттестациядан өткен арнаулы мекемелер ғана жүргізеді.

117. Қайта жетілдіру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу пайдаланушы ұйыммен дайындық іс-шаралары, жұмыстарды жүргізуге пайдаланушы ұйым басшылығының актісі және жазбаша рұқсаты бойынша мердігердің МҚ объектілерін қабылдау орындалғаннан кейін басталады.

118. МҚ ЖБ қайта жетілдіру, кеңейту және техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстардың орындалуы басталмас бұрын тапсырыс беруші мен мердігер олармен бірге техникалық дәлізде өтетін құрылыс иелерін жұмыстардың жүргізілуінің басталуы және мерзімі туралы хабарлап қояды.

119. Құру, қайта жетілдіру және техникалық қайта жарақтандыру аяқталғаннан кейін МҚ объектілерін пайдалануға қабылдау жобалық құжаттамамен қарастырылған барлық құрылыстарымен кешенді жүргізіледі.

120. Егер адамдардың қауіпсіздігін, қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірге жүретін объектілердің құрылысы, қайта жетілдірілуі және техникалық қайта жарақтандырылуы аяқталмаған болса, МҚ объектілерін пайдалануға қабылдау ( сондай-ақ кезеңдік) рұқсат етілмейді.

121. МҚ ЖБ құрылысы, қайта жетілдірілуі, техникалық қайта жарақтануы аяқталуы бойынша беріктігіне және бітеулілігіне сыналады.

МҚ объектілерін көміртектермен толтыру мен қосуды бастау күніне дейін олар актіні ресімдеумен жұмыс комиссиясымен қабылданады.

122. МҚ объектілерін салу, қайта жетілдіру және техникалық қайта жарактау және СБ беріктігіне сынау мен бітеулілігін тексеру аяқталуы бойынша оларды кешенді байқап көру жүзеге асырылады.

123. Салынған МҚ және (немесе) оның бөлігін қабылдау алдында құбыр ішіне арнаулы ұйым диагностика жүргізеді. Құбырышілік диагностика кезінде анықталған ақаулықтарды жою МҚ салуды жүзеге асырған құрылыс-монтаждау ұйымы жүргізеді.

Құбыр ішіне диагностика жүргізуге қойылатын талаптар пайдаланудағы МҚ жөндеуге, желілік бөлігін ауыстыруға қолданылмайды.

**Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**124. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**4-тарау. Магистральдық құбырлар объектілерін және желілік бөлігін техникалық диагностикалау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

125. МҚ бүтіндігін анықтау мақсатында диагностика жүргізіледі, оның негізгі элементтері:

- 1) құбырышілік диагностика;
- 2) құбырлардың беріктігі мен бітеулілігіне сынау;
- 3) тотығуды және қорғаныс жабындысының жағдайын бақылау;
- 4) анықталған ақауларды ескере отырып МҚ қалған қызмет мерзімін жобалау.

126. МҚ объектілерінің нақты техникалық жағдайын анықтау мақсатында мерзімді техникалық диагностикалау жүргізіледі.

127. Пайдалану мерзімі аяқталған соң олардың одан әрі қауіпсіз пайдаланудың мүмкін болатын мерзімін анықтау үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасы жүргізіледі.

128. Диагностикалық тексеру нәтижелері негізінде қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес мамандандырылған аттестатталған ұйыммен рұқсат етілетін жұмыс қысымының шамасы анықталады. МҚ пайдалану кезінде рұқсат етілетін жұмыс қысымының шамасы паспортта көрсетіледі.

129. Сұйытылған мұнайлы газдары тасымалданатын МҚ объектілері екі жылда бір реттен жиі емес бұзылмайтын бақылау әдістерімен диагностикалауға ұшырайды. МҚ

ЖБ құбырышiлiк диагностикалау жоспарлы негiзде нормативтiк–техникалық құжаттамаға сәйкес:

- 1) магистральдық мұнай құбырларына 5 жылда бiр реттен жиi емес;
- 2) магистральдық газ құбырларына 8 жылда бiр реттен жиi емес жүргiзiледi.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

134. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.12.2022 № 357 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.